БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress twitter.com/zhaikpress www.instagram.com/zhaikpress

JAIYQ PRESS

ORAL ÓŃİRİ

№74(21571)
Жұма,
11 қыркүйек 2026 жыл



13 қыркүйек – Отбасы күні

8-9

АНА ТІЛІ



3-бет

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУДЫҢ ӨЗЕГІ

Тіл саясаты – мемлекетті басқару жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі. Әсіресе мемлекеттік мекемелердегі құжат айналымының мемлекеттік тілде сапалы әрі талапқа сай жүргізілуі – тіл саясатын жүзеге асырудың негізгі көрсеткіштерінің бірі.

КӘСІП-НӘСІП



МАҚСАРЫНЫҢ МЫҢ ДА БІР ПАЙДАСЫ БАР

6-7-бет

Оралдық кәсіпкер Ерлан Бурпиев мақсары майын өндіреді. Алғашында бұл өнімді тек отбасында пайдалану үшін шығаруды ойлаған. Үйде орнатқан шағын жабдықтың көмегімен ай сайын 3 тоннадай май дайындаған.

СҰХБАТ



10-11-бет

ӨНЕР АЛДЫ – КИНО

12 қыркүйек – Қазақ киносы күніне орай елімізде ауторлық фильм түсіріп жүрген, бірнеше халықаралық кинофестивальдың жүлдегері, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті Дәрежан Өмірбаевпен сұхбат құрудың сәті түскен еді.

ЖАҢАЛЫҚТАР МОЗАИКАСЫ

Алыпқа арналған аламан



18-19 қыркүйек күндері Жәнібек ауданында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстақым Біләлұлы Ықсановтың 100 жылдығына орай іс-шаралар ұйымдастырылады.

18 қыркүйек күні сағат 15:00-де аудандық мәдениет үйінде қоғам қайраткерінің туғанына 100 толуына орай «Мұстақымның мұрасы» атты республикалық ақындар айтысы өтеді. Сөз аламанында еліміздің әр өңірінен келген үздік ақындар бақ сынайды. Ал сағат 20:00-де орталық алаңда «Туған жердің жүрек үні» атты салтанатты гала-концерт өтеді. Кеште қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Ержан Максим, Дәурен Сейітжанов, Ерболат Ғазиз, Нұрлыбек Жүлекенов және «Заман» тобы өнер көрсетеді.

19 қыркүйекте сағат 10:00-де аудан орталығында ұлттық спорттан «Дала қызықтары» бағдарламасы басталады. «Ат шабар» алаңында топ бәйге, құнан және тай бәйгелерімен қатар, арқан тартыс, қазақ күресі, қой көтеру сайыстары ұйымдастырылады. 100 шақырымдық «Ұлы аламан» бәйге сағат 07:00-де Борсы ауылынан басталып, Жәнібек ауылының маңында мәреге жетеді. «Ұлы аламанның» бас жүлдесі – аутокөлік.

Филармонияның жаңа маусымы

Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық академиялық филармония 17 қыркүйек күні сағат 19:00-де жаңа шығармашылық маусымның ашылу құрметіне орай концерт өткізеді. «Атамекен» өнер ордасында өтетін мерекелік кеш филармонияның 60 жылдық мерейтойына арналады.

Концертте филармонияның шығармашылық ұжымдары мен өнерпаздары өнер көрсетіп, көрермен түрлі жанрды қамтитын бағдарламаны тамашалайды. «Маусымашарға» кіру тегін.



Жуырда аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде аудан әкімінің орынбасары Зәйлім Мәжитованың төрағалығымен жиын өтті.



Ақжайықтың жеті кереметі

Бұл басқосудың басты тақырыбы – Ақжайық ауданының жеті кереметін жинақтап, сол жөнінде презентациялық кітапты баспадан шығару. Аталған жинаққа ауданның тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін, туристік маңызы бар көрікті және тарихи нысандар енбек. Жиналғандар осы мәселе төңірегінде өз ой-пайымдарын ортаға салды.

Нәтижесінде ауданның жеті кереметі ретінде Науша батыр, Шағырай батыр мен Орақ әулие кесенелері, аудан брендіне айналған Тайпақтың қарбызы, Байбарақ Құдайқұлұлы кесенесі, Керік сұлу кесенесі, «Еділ мен Жайық» әніне арналған ескерткіш және Чапаев ауылы тұсындағы аспалы көпір таңдап алынды.

Кітапты шығаруда көзделіп отырған басты мақсат – Ақжайық ауданының тарихи-мәдени мұрасын кеңінен танытып, өңірге келген қонақтарға ауданның ерекше орындары туралы толық ақпарат ұсыну. Жинақ арқылы әр нысанның тарихы, олардың өткеніміз бен бүгініміздегі маңызы туралы мәліметтермен кез келген оқырман таныса алады. Сонымен қатар кітаптағы тарихи және мәдени нысандар туралы ақпаратқа онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ететін QR-код да болады.

Бұл бастама – ауданның тарихи мұрасын дәріптейтін, өлкетану мен туризмді дамытуға бағытталған маңызды қадам. Ақжайықтың шежірелі тарихы мен табиғи, мәдени құндылықтарын бір кітапқа топтастыру арқылы туған өлкенің танымалдығын арттыруға осылайша жол ашылмақ.

Аида АСЫЛБЕК,
Ақжайық ауданы



Ауылдасты еске алған турнир

Жалпақталда Қараөзен ауылының атымтай азаматы атанып, ауыл спортының дамуына мейлінше үлес қосқан азамат Ерлан Темірхановтың дүниеден озғанына 15 жыл толуына орай волейболдан еске алу турнирі өтті.

Турнирге «Құрдастар» командасы мен «Ардагерлер» командасы, Қараөзен мектеп лицейінің әр жылдардағы түлектері қатысты. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған Қараөзен ауылдық округінің әкімі Нұрхат Болаев іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырған Ерлан Мүтиғоллаұлының ағайын-туыстарына, дос-жолдастарына ауылдастары атынан ризашылығын білдірді. Үлкен әулеттің атынан сөз алған марқұмның бауыры Нұржан Темірханов, құрдастары мен туыстары ауыл спортының дамуына сүбелі үлес қосқан марқұм Ерлан Темірханов туралы ескірмес естеліктер айтты.

Турнир қорытындысында жүлделі III орынды Қараөзен мектеп лицейінің 2007 жылғы түлектер командасы (70 000 теңге), II орынды «Ардагерлер» командасы (100 000 теңге), I орынды Қараөзен мектеп лицейінің 1987 жылғы түлектер командасы (150 000 теңге) алды. Фархат Жақсылықов «Үздік байланыстырушы», Ержан Рухолла «Үздік тосқауылшы», Ерназар Тілемісов «Үздік шабуылшы», Артур Қасымов «Үздік ойыншы» аталымдарына ие болды. Іс-шара барысында сондай-ақ марқұм Ерлан Мүтиғоллаұлының рухына Құран бағышталып, ас берілді.

Қыдыр ХАРЕСҰЛЫ,
Казталов ауданы

«Урал Ойл энд Газ» ЖШС «Рожковское» кен орнын өнеркәсіптік игерудің 2-фазасын жайластыру» қоршаған ортаның жай-күйіне ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды

Әсер ету аймағы:

1. БҚО, Бәйтерек ауданы, Құрманғазы а. о., Құрманғазы а. (географиялық координаттар 51034'44"N 52004'55"E)

2. БҚО, Бәйтерек ауданы, Чиров а. о., Чиров а. (географиялық координаттар 51039'10"N 51058'11"E)

3. БҚО, Бәйтерек ауданы, Январцев а. о., Январцев а. (географиялық координаттар 51026'34"N 52014'35"E);

4. БҚО, Бәйтерек ауданы, Сұлу Көл а.о., Сұлу Көл а. (географиялық координаттар 51039'10"N 52010'46"E).

Бастамашы: "Урал Ойл энд Газ" ЖШС, ҚР, Орал қ. С.Есқалиев көшесі, 179 (3 қабат), БСН 020740001948, тел.: 8(7112) 93-33-20.

Жобаны әзірлеуші: «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, ҚР, Атырау қ., Нұрсая шағын ауданы, Елорда даңғылы, 10-құрылыс, БСН 180541015056.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны

• 2026 жылғы 21 қазан сағат 11:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Құрманғазы а. о., Құрманғазы а., ауылдық клуб ғимараты, Школьная көш., 1;

ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде қосылу сілтемесі: https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zz5abDkFlVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=93532240577

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 755 591 3367, қол жеткізу коды: 593597.

• 2026 жылғы 21 қазан сағат 15:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Чиров а. о., Чиров а., Мәдениет үйі, Мирная көш., 61;

ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде қосылу сілтемесі: https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zz5abDkFlVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=95368447939.

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 755 591 3367, қол жеткізу коды: 593597.

• 2026 жылғы 22 қазан сағат 11:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Январцев а. о., Январцев а., Мәдениет үйі, Советская көш., 56;

ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде қосылу сілтемесі: https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zz5abDkFlVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=92435027651

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 755 591 3367, қол жеткізу коды: 593597.

• 2026 жылғы 22 қазан сағат 15:00 БҚО, Бәйтерек ауданы, Сұлу Көл а.о., Сұлу Көл а., Мәдениет үйі, Достық көш., 15/1.

ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде қосылу сілтемесі: https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zz5abDkFlVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=95428601597

ZOOM платформасындағы бейнеконференция сәйкестендіргіші: 755 591 3367, қол жеткізу коды: 593597.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен ndbecology.gov.kz порталындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/documents/1?lang=ru танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz порталы арқылы немесе «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ның zko_forest@bko.gov.kz электронды поштасына қабылданады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты G.Ismaganbetova@kmge.kz электрондық поштасы немесе 8 (701) 171-66-07 телефоны арқылы алуға болады.

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ-ның Батыс Қазақстан өндірістік филиалы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, филиалдың 2026-2029 жылдарға арналған қызметіне қоршаған ортаға шығарындыларға рұқсат алу үшін қажетті жобалық құжаттаманы қайта қарау мәселесі бойынша ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 14 қазанда сағат 16:00-де Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Гагарин көшесі 29 мекенжайындағы конференция залында өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен интернет ресурсында https://ndbecology.gov.kz танысуға болады.

Батыс Қазақстан облысындағы әсер ету аумағы: БҚО, Орал қ. (51°14′ с.е. 51°22′ ш.б).

Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ

Астана қ., Әлихан Бөкейхан 12

БСН 020440001144

Тел.: +7 (717) 255-89-60

Әзірлеушінің деректемелері және байланыс деректері:

«JASYLMEKEN Project» ЖШС

Ақтөбе облысы, Бөкенбай батыр 49, 21-үй, 54-пәтер

БСН 250740018484

Тел.: +7 (702) 751-78-09

Барлық ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйелер және zh.koishekenova@bko.gov.kz, zko_forest@bko.gov.kz, tabigat_zko@mail.ru арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Белсенді сілтеме ақпараттық жүйеде ұсынылады: https://us05web.zoom.us/j/88366940103?pwd=cszaVWGSH927msNYFISjs48TpV4GHL.1 ID: 883 6694 0103, Кіру коды: 1Lh4HK.

Қосымша ақпаратты eco@jasylmeken.kz электронды мекенжайы бойынша және +7 (778) 129-78-09 телефон нөмірі арқылы алуға болады.